Білім беру ұйымының атауы	**ZIYATKER TURAN ЖШС**	
Пәні:	География	
Бөлім:	3.1 ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Елтаев Н.Т.	
Күні:	01.10.2026	
Сынып:10	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Табиғатты пайдалану түрлері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	10.3.1.1 табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау,	
Сабақтың мақсаты	Оқушылар табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіреді, табиғатты пайдалану түрлерін шаруашылық тұрғысынан анықтайды және мысалдармен ажыратады. **ЕББҚ:** Оқушы табиғи ресурстардың адам өміріндегі маңызын түсінеді және табиғатты пайдаланудың негізгі түрлерін ажыратады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин	**(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі** Оқушылармен амандасып, оқушылардың көңілін сабаққа аудару. Сыныпты түгелдеу, сыныптағы оқушылардың зейінін сабаққа аудару	Мұғаліммен амандасып, кезекші оқушы сыныптағы оқушылардың санын баяндайды	**(ҚБ)** мұғалім 1-10 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау ЖИ арқылы жасалынған бағалау әдісі Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	
2 мин	**ТРЕНИНГ** **«ҮШ КОМПЛИМЕНТ НЕМЕСЕ АЛҒЫС» жаттығуы** *Оқушылар жұпқа немесе шағын топқа бөлінеді. 1 минут ішінде бір-біріне бүгінгі күнге, сабаққа немесе жеке қасиеттеріне қатысты 3 жақсы сөз / комплимент айтады.*	Оқушылар **«Үш комплимент немесе алғыс»** жаттығуы арқылы сабаққа қолайлы атмосфералық ахуал орнатады		
3 мин	**ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ** **«БЛИЦ СҰРАҚТАР»** *Оқушылар блиц сұрақтар әдісі арқылы өткен тақырып бойынша ақпараттарды анықтайды* 1. Табиғатты пайдалану дегеніміз не? — Адамзаттың табиғат байлықтары мен табиғат құбылыстарын өз қажеттілігіне қолдануы. 2. Адамның шаруашылық іс-әрекеті табиғатқа қандай жолдармен әсер етеді? — Тікелей және жанама. 3. Ластану шығу тегіне қарай қалай бөлінеді? — Табиғи және антропогендік. 4. Қоршаған ортаның негізгі ластану	Оқушылар өткен тақырып бойынша блиц сұрақтар әдісі арқылы өткен тақырып бойынша ақпараттарға талдау жасайды **Дескриптор** Жалпы – 2 балл -*Табиғатты пайдаланудың түрлері, ластану*	**«Жарайсың»** деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Geo_aqparat.kz - 10.3.1.1 2 саб

	нысандарына нелер жатады? — Су, атмосфера, топырақ және ландшафт. 5. Табиғатты пайдалану жолдарын жіктеген орыс экологы кім? — Н. Ф. Реймерс. 6. Табиғатты пайдалану қандай екі түрге бөлінеді? — Тиімді және тиімсіз. 7. Табиғи орта сапасының нашарлауына және экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына әкелетін пайдалану түрі қалай аталады? — Табиғатты тиімсіз пайдалану. 8. Табиғат байлықтарын ғылыми негізде, ресурстық әлеуетіне зиян келтірмей пайдалану қалай аталады? — Табиғатты тиімді пайдалану. 9. Табиғатты тиімді пайдалануды екі жақты мақсатта қарастырған американдық ғалым кім? — Юджен Одум. 10. Адамның қолайлы табиғи орта жағдайында өмір сүру құқығының қорғалуы қалай аталады? — Экологиялық қауіпсіздік.	*нысандары, шығу тегі және оны жіктеген ғалымдар (Н.Ф. Реймерс, Ю. Одум) бойынша сұрақтарға дұрыс жауап береді (1 балл).* *- Тиімді және тиімсіз пайдалану ұғымдарын, сондай-ақ «экологиялық қауіпсіздік» терминін дұрыс анықтайды (1 балл).*		
Сабақтың ортасы 2 мин	**«АДАЛ АЗАМАТ»** *бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған нақты мысал келтіріледі.* **«Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»** дәйексөзі *Еңбек адамдары туралы нақты өмірлік мысалдар келтіріледі*	Апта дәйексөзі және құндылыққа байланысты нақты мысалдар келтіреді	«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	
1 мин	**ЖАҢА САБАҚ** **«СӨЗДЕР СЫРЫ»** әдісі *Оқушылар «сөздер сыры» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды* **ЮНЕП, ГРИНПИС** **Бүгін сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ?**	Оқушыларға тақырыпқа байланысты «сөздер сыры» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын табуға мүмкіндік беріледі.		
2 мин	**МАҒЫНАНЫ ТАНУ** **«ТҮРТІП АЛУ»** әдісі **Бейнеролик:** Ормандардың жойылуы *Оқушылар бейнеролик арқылы ормандардың жойылу себептерін анықтайды* ✓ Ормандардың жойылуының қандай әсері бар?	Оқушылар **ЖИ** мүмкіншілігі арқылы жасалынған бейнероликті тамашалайды. Сұрақтарды талдайды		https://youtu.be/NpVpluMdseI?si=5-avB9CKllklWRJF
8 мин	**№1.ТАПСЫРМА**	Оқушылар	«Жарайсың»	Geo_aqpar

	«ФИШБОУН» әдісі **(ТЖ) Топтық жұмыс** (Функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар Оқушылар ЖИ мүмкіншілігін пайдаланып «Фишбоун» әдісі арқылы табиғатты тиімсіз пайдалу бойынша талдайды* I.Топ: Орман ресурстарын тиімсіз пайдалану (орманды шамадан тыс кесу, өрттер, жасыл желектің азаюы). II.Топ: Су ресурстарын тиімсіз пайдалану (суды ластау, ысырап ету, артық суару). III.Топ: Жер ресурстарын тиімсіз пайдалану (топырақ эрозиясы, шамадан тыс егіншілік, шөлейттену). **Дағдыға баулу:** *Оқушылар табиғат ресурстарын (орман, су, жер) тиімсіз пайдаланудың себептері мен салдарын жүйелеп, функционалдық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытады.* **Құндылыққа жету:** *Бұл тапсырма табиғатқа ұқыпты қарау, экологиялық жауапкершілік пен саналы көзқарасты қалыптастыру арқылы «Табиғат, жер, отан» құндылығына жетелейді.*	**Геологиялық зерттеушілер** әдісі арқылы оқушылар тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 3 балл *-Берілген ресурстардың (орман, су немесе жер) тиімсіз пайдаланылуының басты себептерін нақты анықтайды (1 балл).* *-Табиғатқа келтірілетін кері әсерлері мен салдарларын логикалық түрде «Фишбоун» сызбасына дұрыс орналастырады (1 балл).* *-Жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін тиімді қолдана отырып, топтық жұмысты жүйелі әрі түсінікті қорғайды (1 балл).— 1 балл*	деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№1 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	at.kz - 10.3.1.1. 2 саб
2 мин	**ҚЫЗЫҚ ЕКЕН** Оқушыларға табиғатты пайдалану құрылымы тақырыбына байланысты қызықты информация беріледі	Оқушыларға тақырыпқа байланысты информация беріледі		
10 мин	**№2.ТАПСЫРМА** **«КАРТАМЕН ЖҰМЫС»** әдісі **(ЖЖ) Жеке жұмыс** (ФС тапсырмасы)	Оқушылар **«картамен жұмыс»** әдісі арқылы	«Керемет» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	

8 мин	*Оқушылар «Картамен жұмыс» әдісі арқылы ормандардың жойылуы кезеңдерін атап картадан көрсетеді* **1-ші кезең (алға шқы)** — Жерорта теңізі жағалауы, Үндістан, Қытайдың шығыс бөлігінде ауылшаруашылық мақсатта пайдаланумен байланысты белең алады **2 – ші кезең** — Орта ғасырларға тән, Еуропа аумағынан басталады **3 - ші кезең** — Еуропалықтардың Жаңа Дүниені игеруімен байланысты, онда ормандардың орнын егіс алқаптары, жайылымдар, қалалар мен ондағы түрлі құрылыс орындары алмастырған болатын **4 – ші кезең** — XX ғасырдың басынан басталды, тропик маңындағы Филиппин, Малайзия, Индонезия, Бразилия елдерінде ерекше белең алады. Олардағы ағаш сүрегін дайындау ісі бұрынғы көрсеткіштерден 5-7 есеге күрт өсіп кетті, нәтижесінде орман алқабының 90% жуығы жойылды. **Дағдыға баулу:** *Оқушылар карта мен деректерді үндестіре отырып, ормандардың жойылу кезеңдерінің географиялық ареалдарын анықтайды және кеңістіктік бағдарлау пен картографиялық сауаттылықты дамытады.* **Құндылыққа жету:** *Бұл тапсырма табиғи ортаның өзгеру тарихын түсіну арқылы жаһандық экологиялық проблемаларға бейжай қарамауға және табиғатты қорғауға саналы жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.* **№3. ТАПСЫРМА «ВИКТОРИНА» әдісі (ЖТ)Жеке жұмыс** (функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар тақырыпты викторина әдісі арқылы бекітеді* 1. 1971 жылы құрылған тәуелсіз халықаралық экологиялық ұйым? А) ЮНЕП В) Гринпис С) WWF D) ЮНЕСКО	тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 3 балл *-Ормандардың жойылуының 4 кезеңінің хронологиялық ерекшеліктері мен себептерін дұрыс анықтайды (1 балл).* *-Карта көмегімен әр кезеңнің нақты географиялық аймақтарын (Жерорта теңізі, Еуропа, Жаңа Дүние, тропиктік белдеу) дұрыс тауып көрсетеді (1 балл).* *-Ағаш сүрегін дайындау мен шаруашылық әрекеттердің экологиялық салдарына (орман алқаптарының қысқаруына) дұрыс талдау жасайды (1 балл).* Оқушылар **«викторина»** әдісі арқылы тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 2 балл *-Халықаралық ұйымдар, тарихи-*	**№2 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі «Тамаша» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№3 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 2 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі	https://wordwall.net/resource/98416108

	2. Табиғатты қорғау туралы алғашқы заң шыққан ел? A) Қазақстан B) Франция C) Англия D) Қытай 3. Әрбір Жер шары тұрғынына қазіргі орташа жыртылған жер? A) 0,07 га B) 0,2 га C) 1,3 га D) 2,0 га 4. Қазақстанда орташа есеппен жыртылған жер көлемі? A) 0,2 га B) 0,07 га C) 1,3 га D) 2,5 га 5. Жер ресурстарын пайдаланудағы басты мәселе? A) Топырақ құнарлылығы B) Жердің деградациясы C) Жайылымдардың азаюы D) Ормандардың қысқаруы 6. Дүниежүзі орман алқаптары жер шары құрлығының қанша пайызын алып жатыр? A) 21% B) 25% C) 31% D) 40% 7. Ормандардың жойылуының 3-кезеңі қандай аймақпен байланысты? A) Жерорта теңізі B) Орта ғасырдағы Еуропа C) Жаңа Дүние (Америка) D) Тропиктік Азия 8. Ормандардың жойылуының 4-кезеңінде ерекше белең алған аймақ? A) Африка, Солтүстік Америка B) Филиппин, Малайзия, Индонезия, Бразилия C) Қытай, Үндістан D) ТМД елдері 9. Табиғатты пайдалану түрлерінің бірі – «табиғат ресурстарын белгілі бір аумақ деңгейінде пайдалану» қалай аталады? A) Салалық B) Ресурстық C) Аумақтық D) Арнаулы 10. Табиғатты техникалық құралдарсыз, қоршаған ортаға кері әсер етпей пайдалану түрі? A) Арнаулы пайдалану B) Жалпы **Дағдыға баулу:** *Оқушылар өткен тақырып бойынша нақты деректер мен статистикалық көрсеткіштерді еске түсіріп, есте сақтау және өздігінен тексеру дағдыларын дамытады.* **Құндылыққа жету:** *Бұл тапсырма жаһандық және отандық экологиялық көрсеткіштерді салыстыру арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті қалыптастырып, «Табиғат, жер, отан» құндылығына*	*географиялық кезеңдер мен жер көлеміне қатысты сұрақтарға дұрыс жауап береді (1 балл).* *-Табиғатты пайдаланудың түрі мен ресурстарды тиімді бағалауға арналған сұрақтарды қатесіз анықтайды (1 балл).*	арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	

	жетелейді.			
Сабақтың соңы 5 мин	**Кері байланыс** **«ҚҚҚ»** әдісі Оқушылар бүгінгі сабақты түсінгендігі жөнінде қққ әдісі арқылы қорытындылайды ✓ **Құнды** ✓ **Қиын** ✓ **Қызық** **Үйге тапсырма** Тақырыпты оқу	Оқушы жаңа тақырыпты қорытындылап бүгінгі сабаққа кері байланыс орнатады	Мұғалім оқушылардың тапсырмаларды орындауына байланысты 1 – 10 балл аралығында бағалайды	Geo_aqparat.kz - "Бағалау шкаласы" әдісі

Табиғатты пайдалану түрлері

10.3.1.1 табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау

Аты-жөні: _____ Сыныбы: _____ Күні: _____

1 Тапсырма. Табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндір.

Суреттерге сүйеніп, табиғатты пайдаланудың адам өмірі үшін неге қажетті екенін жазыңыз.






_____

_____

_____

2 Тапсырма. Шаруашылық тұрғысынан табиғатты пайдалану түрлерін анықта.

Төмендегі мысалдарды тиісті табиғатты пайдалану түріне орналастыр. Кестені толтыр.

егін егу, мал шаруашылығы, орман кесу, балық аулау, пайдалы қазбалар өндіру, суару, су электр энергиясын өндіру, туризм мен демалыс, аңшылық, құрылысқа тас өндіру

Табиғатты пайдалану түрлері (шаруашылық тұрғысынан)	Мысалдар
Ауыл шаруашылығы	
Өнеркәсіптік пайдалану	
Энергетикалық пайдалану	
Орман шаруашылығы	
Биологиялық ресурстарды пайдалану	
Рекреациялық (демалыс) пайдалану	
Құрылыс материалдарын пайдалану	

3 Тапсырма. Суреттерді сәйкестендір.

Суреттердегі іс-әрекеттерді табиғатты пайдаланудың тиісті түрімен сәйкестендір. Жауабын жазыңыз.






① _____ ② _____ ③ _____ ④ _____

Таңдау үшін түрлер:

A) Ауыл шаруашылығы

B) Өнеркәсіптік пайдалану

C) Энергетикалық пайдалану

D) Рекреациялық пайдалану